

Қаржы және банк статистикасы



Л е к ц и и

Ж а п а р о в а А й н а г у л ь

Кіріспе.

Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі статистиканы, оның ішінде қаржы-банк статистикасын халықаралық стандартқа сәйкестіріп өзгертуге ықпал жасады.

Қаржы және банк статистикасының көрсеткіштер жүйесі және статистикалық талдау әдістерін қолдана отырып, нарықтық экономиканы сан жағынан сипаттауға, болып жатқан өзгерістердің себебін айқындауға, қаржы, банк, сақтандыру қызметтерінің т.б. әрекеттердің нәтижесіне әр түрлі факторлардың тигізетін әсерін анықтауға көмектеседі. Экономикалық бағыттағы оқу орындарының студенттері нарықтық экономиканың дамуына терең талдау жасай білу керек.

Елдегі нарық жағдайында қаржы, несие және ақша айналымы әлеуметтік – экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеудің басты кілті болып табылады және “Қаржы және несие” мамандықтарында оқитын студенттердің мамандық сапасының артуына үлкен септігін тигізеді.

Бұл пәннің негізгі мақсаты студенттердің статистикалық әдістерді қолдану арқылы қаржы және банк процесінде болып жатқан өзгерістерді экономикадағы қаржының тұрақтылығын, қоғамдық өндірістердің қаржымен қамтамасыз етілуін, бюджеттің ішкі берешегін азайтуды талдауға, зерттеуге үйрету.

Пәннің оқып үйренуде болашақ мамандарға қойылатын талаптар.

- Қаржы және банк көрсеткіштерін, статистикалық тәсілдерді қолдану арқылы есептей білу.
- Коммерциялық банктердің, сақтандыру ұйымдарының іс - әрекеттері туралы статистикалық есеп берудің жаңа формаларын жасау.
- Ұлттық қаражаттың, ақша несие жүйесінің динамикасын, құрылымын зерттеу.
- Қаржы өрісіндегі процестердің қалыптасуына әсер ететін факторларды сан жағынан бағалау әдістерін меңгеру

1-Тақырып. Ақша айналымының статистикасы

1.1 Ақша айналымының түсінігі және ақша статистикасының мақсаты

Ақша қатынастары – тұрғын халық, мекеме бірлестіктер, ұжымдар арасында қалыптасады. Ақша қатынастары көлемін сол айналымға қатысты қозғалыстағы ақша мөлшерінен білуге болады. Ақша айналымы 2 түрлі жолмен жүргізіледі.

1. Нақты ақша айырбасы
2. Қолма- қол ақша айырбасы

1. Нақты ақша айырбасы – бұл халық, мемлекет мекеме және ұжымдар арасында ақшалай есептесулер нақты ақшаны қолдану жолымен жүргізіледі.

2. Қолма-қол ақша айырбасы – бұл жағдайда ақша тең төмен функциясын ғана атқарады, және ақшалай есептесулер тек банк шоттарына жазу және өзара міндеттерін есептеу жолымен жүргізіледі. Соңғы кезде қолма-қол акцизсыз ақша айырбасы өрісі кеңуде және бұл чек және чек кітапшалары, кредит карточкаларына қолданылуына байланысты.

Ақша айналымы төлем түріне байланысты тауарлық төлем (тауарлық төлем айналымы) және тауарлық емес (тауарлық емес төлем) айналымы болып бөлінеді.

Тауарлық төлем құрамына; тауарды қызметті жұмысты сатып алу барысындағы төлем кіреді.

Тауарлық емес төлем құрамына; бюджетте төленетін төлем және басқа да қаржылық операциялар енеді. Ақша айналымының маңызды көрсеткіші бұл айналымдағы ақша мөлшері болып табылады., және бұл көрсеткіш өнім өндіруге , баға деңгейіне, жұмыспен қамтуға мысалы т.б факторларға ықпал етеді. Сондықтан статистиканың басты мақсаты бұл

айналымдағы ақша мөлшерін өлшеу және көлемін бақылау, өйткені бұл фактор экономикалық тұрақтылығына ықпал етеді.

1. Ақша агрегаты M_0 – айналымдағы нақты ақша көлемін (мекеме кассоларындағы және тұрғын халық қолындағы) білдіреді.

2. Ақша агрегаты M_1 - M_0 параметріне және мекеме шоттарындағы қалған қалың сұраныс уақытына байланысты депозиттерін халықтық банкте уақытша салымдарын қамтиды. Ақша агрегаты M_2 – M_2 және шапшаң депозиттерден тұрады. Шапшаң депозиттер мемлекеттік ұтыс салымдарының облигациялық қарыздарын қамтиды. Ақша агрегаты M_3 – мекеменің , банктің, басқада депозиттерінен сертификаттарынан, сақтандыру полистерінен банк резервтерін қамтиды. Егер M_3 ақша агрегатына басқа да бағалы қағаздардың акция, вексель, облигация салаларын қосқанда бұл активтер сомасы P – терминімен белгіленеді. Ақша көлемінің жалпы көрсеткіші бұл агрегат L бұл көрсеткіш тауар және қызметке төлем қабілеті бар сұраныстың жалпы көлемін көрсетеді. Айналымға қажетті ақша мөлшерін келесі теңдеуден белгілейміз.

$$MV = PV \text{ бұл жерде}$$

M – айналымдағы ақша көлемі

V – айналым шапшаңдылығы

P – индекс түріндегі баға деңгейі

X – ұлттық баға өнімі

Y – Жалпы ұлттық өнімнің нақты көлемі, яғни есепті кезеңдегі наминалды ұлттық өнім немесе қалыпты бағамен бағаланған жағдайда

$$\text{Бұдан } M = \frac{P \cdot Y}{V}$$

V

Ғалымдардың есептеуі бойынша аз уақыттағы ақша көлемінің өсуі нақты, жалпы ұлттық өнімнің және бағаның өсуіне әкеліп соғады. Айналымдағы ақша көлемінің ұзақ уақыттағы өсуі баға деңгейінің өсуіне

әкеліп соғады. Монитаристердің пікірі бойынша инфляция белгісі бір шегіне қызмет қабілетін арттырады.

Бұл нарықтық жағдайда ақша айналымы жағындағы ақпараттарын реттеу қажеттілігін тудырады.

Статистиканың басты мақсаты бұл; ақша айналымындағы ақша көлемінің айналымдағы банк есеп айырысу операцияларындағы заңдылықтарды анықтау.

Ақша айналымын мінездейтін көрсеткіштер жүйесі

Ақша көлемінің айналымдағы жылдамдылығы екі вариантта есептелінеді. Айналым саны және бір айналым ұзақтығы.

Ақша айналымы мөлшері келесі формулалармен анықталады.

$V = \frac{ЖҰӨ}{M}$ бұл жерде

M

ЖҰӨ - номиналды жалпы ұлттық өнім

M – белгіленген кезеңдегі қалдықтардың орта шамасы ретінде ақшаның жалпы көлемі – бұл көрсеткіш орта шамамен 2 жылдағы ақша көлемінің айналасын санап білдіреді, яғни 2 жыл ішінде теңге қанша рет тауар және қызмет сатып алуға қолданылғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіш ақша айналымының тікелей мінездемесі болады. Айналым көрсеткіші ретінде бір айналым ұзақтығын қолданамыз. $(t) t = \frac{M - D}{V_{нн}}$

$V_{нн}$

Бұл жерде D – берілген кезеңдегі календарлық күндерінің көлемі .

Бұл көрсеткіш берілген кезеңде ақша көлемінің айналымына орта шамамен қанша күн қажет екенін білдіреді. Қазіргі кезде көптеген нақты ақша көлемін банктік тұрғыда халық арасында айналысқа түседі. Бұл оның айналым жылдамдығын қысқартады. Сондықтан кассаның айналымды болжау қажеттілігі туындайды. Бұл болжау квартал санын әр айға бөліп құралады.

Әр ай сайынғы кассалық айналымның сай келуін кассаның нақты кіріс және шығысын бақылайтын оперативтік бақылаумен қатар жүргізіледі. Бұл талдау барысында сатудан түскен табыс көлеміне қоса назар аударады. Сатудан түскен табыстың келіп түсу процесін анықтайтын екі көрсеткіш бар.

1. Инносация аппаратының инносация коэффициенті – инносаторлар жинаған табыс және келіп түскен сауда табысының жалпы сомасына арақатынасы ретінде есептеледі.

2. Сауда табысының инносация коэффициенті; бұл көрсеткіш банкке келіп түскен сауда табысымен бөлек сауда тауар айналымының жалпы көлеміне арақатынасы ретінде есептеледі.

Бірінші жағдайда айналымға ақша шығару , екінші жағдайда айналымнан ақша алынып отырады. Тауар массасының қосымша ақша шығаруы қамтамасыз етілген жағдайда соңғы кезеңдердегі бағаның тез өсуіне әкеліп соғатын инфляция процестерін тудырады.

Ақша айналымы статистикалық маңызды бір мақсатты бұл ақша массасының құрамын зерттеу. Кюпуралық құрамы әр түрлі ақша белгілерінің купюра сомасы және мөлшері ретінде анықталуы мүмкін. Қазіргі кезде Қазақстан жерінде купюра белгілері бар; 3, 5, 10, 20, 50, 100, 200, 500, 1000, 5000 және тиын ақшалар купюраның орташа размері келесі орта арифметикалық шама формуласымен есептелінеді.

$$\sum MT$$

$$M = \frac{\sum MT}{\sum T}$$

$$\sum T$$

M – купюра құны

T - купюра саны

Мерзімі өтіп кеткен қарыздарды анықтау үшін келесі көрсеткіштерді қолданамыз.

Дебиторлық қарыз көлемі;

1. Бір сала разрезіндегі белгілі бір кезеңдегі мезгіл өтіп кеткен дебиторлық және кредиторлық қарыз көлемі.

2. Дебиторлық және кредиторлық қарыз көлемінің динамикасы .

3. Мекеме қаржысының мерзімі өтіп, кеткен қарызына қатынасы.

4. Мердігірлерге мерзімі өтіп кеткен қарызы бар мекемелер саны.

5. Сапа және мүлік иесі разрезіндегі еңбек ақы және жұмысшыларға басқа да төмен төлем ақы бойынша мерзім өтіп кеткен қарыздардың жалпы көлемі.

6. Жалпы және сапа разрезіндегі еңбек ақы төлеуге байланысты мерзімі өтіп кеткен қарыздың мекемелердегі мақсаттарға бір айға есептелген % - т мөлшеріне ара қатынасы.

7. Ұзақтығына байланысты қарыздарды бөлу бұл; еңбек ақыға байланысты қарызы бар жағдайда өте қажет.

2-тақырып. Бағалы қағаздар рыногы статистикасы

2.1 Бағалы қағаздардың түсінігі және түрлері

2.2 Бағалы қағаздар статистикасының мақсаты

Бағалы қағаздарға бағалы қағаз иесінің қағаздарының эмитентке қатынасын немесе мүлік иелігін куәландыратын ақша құжаттары жатады.

Бағалы қағаздардың негізгі түрлері:

Облигация- міндеттеме бағалы қағаздар түрі, ол бойынша оның иесіне мөлшері облигацияның нақты құнына белгілі бір өсім түрінде алдынала белгіленген жыл сайынғы табыс төленеді. Облигациялар мемлекет пен акционерлік мекемемен және жекеменшік фирмалармен шығарылады. Ең төменгі қаупі бар болып мемлекеттің ішкі облигациялары болып табылады, бірақ табыс мөлшері аз болады.

Акция- үлесті және меншікті куәландыратын бағалы қағаз, бұл оның иесіне өзінің қосқан қаржысынан дивиденттер алуға құқық береді. Акцияның екі түрі бар: жай және преференциалды акциялар. Соңғысы жай акция және облигацияның белгілерін біріктіреді. Бұл жерде облигация сияқты преференциалды акция соммалары акцияның номиналды бағасының мөлшерлемесі ретінде белгіленген болады. Бірақ преференциалды акция шығарушы мекеме облигация сияқты белгілі бір мерзімнен кейін сатып алмайды.

Вексель- халықаралық саудадағы төлем міндеттемесінің кең тараған формасы, ол өз иесіне белгілі бір мерзім өткеннен кейін кредитордан келісім шарттағы шартты сомманы төлеуді талап ететін құқық береді. Векселдің екі түрі болады: жай және аударылған вексель.

Депозиттік сертификат- эмитент банктің талап етілген немесе шарттасқан уақыты келген мерзімде салушының салым соммасын немесе %-мөлшерлемесін алуға байланысты құқығын куәландыратын жазбаша куәлік. Банк эмитент үшін мерзімдік депозит сатып алу мерзімі белгілі болғандықтан

қолайлы, бұл жерде эмитенттің төлем өтеу қабілетінің қаупі аз болады. Қазыналық міндеттемелер иесіне купонға байланысты табыс және негізгі қарыз ретінде белгіленген сомманы алуға құқық беретін бағалы қағаз түрі.

Бағалы қағаздар статистикасы- бағалы қағаздарды бақылауға байланысты басқарманы құру, бағалы қағаздар жайлы олардың айналысы және ақпараттарды жинау. Бағалы қағаздар нарықтық жүйесін құру, нарық жағдайының басқа да экономикалық процестермен байланысын талдау.

Бағалы қағаздың статистикалық көрсеткіштер жүйесі. Бұл көрсеткіш жүйесі бағалы қағаздардың шығарылуына, орналасуына, айналысына, пайдалылығына байланысты процестерді көрсетеді. Бағалы қағаздарды шығару эмитенттер, акционерлік қоғамдар, инвестициялық қорлар, қор биржалары, банктер, мекемелер белгілі бір мерзімде шығарған бағалы қағаз мөлшері және сомасы.

Бағалы қағаздың орналасуы- делдалдар және элементтер өздері алғашқы нарықта сатқан бағалы қағаз. Есепте бағалы қағаздың алғашқы орналасуы және мөлшері көрсетіледі. Бағалы қағаздың табыс дивиденттердің номиналды сомасына мөлшерлемесі және купон табысы ретінде болады. Облигация, акция, вексель және депозитті сертификат табысы пайдалану мерзімі ескертілуімен олардың номиналды сомасының %- мөлшерлемесі болып табылады. Қазыналық міндеттемелердің табыс көлемі және мемлекеттік облигацияның купоннан табысы купонға және бағалы қағаз сомасына %- мөлшерлемесі болып табылады.

Акция табысы- акция ұстаушыға акционерлік қоғам таза пайдасынан дивидент түрінде акцияға пропорционалды бөлінетін табыс. Дивидент көлемі әр акцияға келетін табыс деңгейін көрсетеді және акцияның нарық құқығының алынғанын дивиденттер сомасы қатынасы ретінде есептеледі және % түрінде көрсетіледі.

Акция қажетті пайда деңгейімен және белгілі бір мерзімдегі таза пайда деңгейімен анықталады. Таза пайда деңгейі белгілі бір мерзімдегі

барлық пайда сомасының және нарық бағасы өзгерістерінің акцияның алғашқы бағасына қатынасы ретінде есептеледі. Мысалы, акционерлік қоғам акцияларының біреуі 1000 теңгеден алынған. Бірінші жылдағы дивидент түріндегі пайда 100 теңге болады, екінші жылы 150 теңге. Соңынан акциялар әрқайсысы 1100 теңгеден сатылады. Екі жылдағы таза пайда деңгейі:

Екі жылдағы акцияға салынған салымдардың таза пайдасы 35 %-ті құрайды. Қаржы активтеріне қаражат салудың қаржылық қаупі бар. Бұл жалпы нарық бағаларының өзгеруіне, мөлшерлемесінің өзгеруіне, информацияға бағалы қағаздардың менвидтігіне, т.б. факторларға байланысты. Сондықтан екі міндетті ескеру қажет: біріншіден, пайданың қауіпсіз деңгейі; екіншіден, қауіпке байланысты төлем. Бұл екеуі қажетті пайдалылық деңгейін құрайды. Акцияның пайдалылық көрсеткіштері олардың бағалық құнына нақты және акция құнына байланысты.

Акцияның бағалық құны болып оның қор биржасында қалыптасқан ағымдағы бағасы болады. Акцияның нақты құны қажетті пайда деңгейімен және алынатын табыс сомасы ескерілуімен есептелінеді. Есептеуді мысал ретінде көрсетейік. Мысалы, әр жылда алынатын дивиденттер сомасы 270 теңге, ал қажетті пайда деңгейі әр жылға 30% акцияның ағымдағы бағасы 1000 теңге . Онда акцияның нақты бағасы (СН) тең болады.

$$CA = D : K(270 - 0,30 = 900)$$

Бұл акцияның бағалық құнынан төмен, сондықтан акцияны сатып алу мақсатсыз қолда бар акцияны ағымдағы нарықтық бағамен сату қажет.

Маңызды көрсеткіш болып бұл акцияға келетін алынған пайданың жалпы сомасынан төленетін дивидент үлесінің бір жылдық пайда мөлшерінің ағымдағы акция бағасына қатысты болып табылады. Бұл көрсеткіш фирмалардың пайда сомасы, дивиденттер және басқа да активтер жайлы берілген есебі негізінде есептеледі және инвестициялық қауіп жағдайын фирманың ағымдағы қаржылық жағдайын бағалауға қолданылады. Бағалы қағаздар нарығын бағалаудың басты көрсеткіші болып акция және басқа да

бағалы қағаздың биржалық индексі саналады. Бұл индекстердің мақсаты бағалы қағаздар бағасының деңгейін және динамикасын көрсету болып табылады. Әлемдік экономикада биржалық индекстердің бірнеше жүйесі белгілі. Бұның ішінде ең әйгілі және ежелгісі болып 1884 жылдан бастап есептелінетін Доу – Джонс индексі болып саналады. Бұл индексті есептеу негізінде берілген бір мерзімге акция бағасын белгілеу болып табылады. Доу Джонс индексінің есептеу негізінде берілген бір мерзімге акция бағасын белгілеу болып табылады.

3-тақырып. Сақтандыру статистикасы

3.1 Сақтандыру және сақтандыру статистикасының мақсаты.

Сақтандыру – тұрғын халық және мекеменің мүлікті және т.б мүдделерін сақтандыруға және сақтандыру жағдайында төленетін сақтандыру сомасын төлеуден құрайтын ақша қорларына байланысты экономикалық операциялар жүйесі .

Сақтандырудың экономикалық негізі – бұл сақтандырушылардың жарнасы есебінен құралатын ақша табысы болып табылады және де сақтандыру ұйымдары өздерінің табыс негізінен сақтандырушылардың сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ететін резервтер құрайды .

Ерекшелігі- болуы мүмкін процестің немесе көріністің қаржылық жағдайымен ғана айналысады.

Статистиканың 1-ші мақсаты – сақтандыруды бақылауды ұйымдастыру, статистикалық ақпараттарды талдау және саралау, статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерін жетілдіру, сақтандырудың әр түрін мінездейтін көрсеткіштер жүйесін анықтау .

2-ші мақсаты- сақтандыру жағдайының пайда болуының статистикалық заңдылықтарын анықтау, олардың жиілігін және ауыртпалығын анықтау. Бұл біріншіден тарифтік ставканы есептегенде

және сақтандырушылардың сұранысын, сақтандыру ұйымдары қызметінің рентабельділігін қамтамасыз ететін ең тиімді мөлшерін анықтауға қажет.

Статистика: тұрғын халықтың ақшалай табыс деңгейі және сақтандыру арасындағы байланысты қалыптастырумен, сақтандыру қаупіне қарай, сақтандырушылар құрамын жынысына, жасына, қызметіне қарай саралаумен айналысады.

Жеке сақтандыру статистикасы .

Жеке сақтандыру 2-ге бөлінеді :

1.Өмірді сақтандыру

2.Төтенше жағдайдан сақтандыру және келесі келісім шарттардан тұрады .

- өмірді сақтандыру .
- өлім жағдайында .
- төтенше жағдайдан.
- өмірді аралас сақтандыру (смешанное страх, жизни)
- балаларды сақтандыру .
- неке сақтандыру
- қосымша зейнетақыны сақтандыру.

Әртүрлі сақтандыру қаупі бар жағдайларға, яғни өлімге, төтенше жағдайға т.б байланысты сақтандыру төлемдерінің ставкасының деңгейлерін анықтаған жағдайда, сақтандырылғанның жасына сай жалпы көрініс мүмкіндігі және өмірдің орташа ұзақтығы мен өлім кестесінің көрсеткіштері ескеріледі. Жеке сақтандыру келісім шарты ерекшелігі : бұл келісім шарты бірнеше жылға түзіледі, сондықтан сақтандыру төлемдерін қазіргі нақты құнға сай төлеп отыру қажет . Сақтандыруға байланысты есеп айрысу деңгейін анықтаған жағдайда:

Сақтандырушыларға сақтандыру сомасын төлеу және сақтандырушылардың сақтандыру төлемдерінің үлесі теңдігі ескеріледі. Өмірді сақтандыруға байланысты сақтандырудың сомаларын төлеу, келесі

жағдайда жүзеге асады. Бұл сақтандырушының сақтандыру келісім шартындағы жасына толуы. Бұл жағдайда сақтандыру өтемі және сақтандырушының төлемдері, өлім кестесі деректеріне байланысты бірнеше жылдарға бөлінеді.

Әлеуметтік –сақтандыру статистикасы

Әлеуметтік сақтандыру – бұл ел азаматтарының еңбек қабілетін жартылай және толық жоғалтуы, ауруға шалдыққан немесе қарттыққа, асыраушысын жоғалтуға байланысты жағдайда материалдық кепілдеме формасының бір түрі .

Мемлекеттік - әлеуметтік сақтандыру - халықты әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен жүзеге асырады .Бұл қор: сақтандыру төлемдері, бюджет ассигнованиялары, іскерлік қызметпен айналысатын азаматтардың төлемдері, ерікті төлемдер, т.б төлемдер есебінен құралады. Жиналған қаржы-жасына келгендерге, бала тәрбиелеп отырған жанұяларға, уақытша еңбек қабілетсіздігі және мүгедектерге т.б зейнетақы төлеуге жұмсалады.

Әлеуметтік-сақтандыру статистикасының мақсаты: Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің кірісі және шығысы жайлы деректер , тұрғын халық арасындағы аурушылдық, мүгедектік және т.б деректерді жинақтау, талдау және саралау.

Негізгі мақсаты: қоғамның жұмысқа қабілетсіз бөлігінің материалдық қамтамасыздандыру деңгейін талдау және бала көтеруіне, тууға, уақытша еңбекке жарамсыздыққа байланысты жәрдемақы төлеу деңгейін зерттеу болып саналады.

Осы мақсатта: мүгедектерді жасына қарай бөлу, деректері және олардың өлім кестесінің деректерін қолданады .

Сақтандыру жайлы статистикалық ақпарат.

Бұл жерде ақпарат көзі ретінде - сақтандыру жайлы есеп қолданылады. Бұл есепте сақтандыру ұйымдарының басты шаруашылық

қаржылық көрсеткіштері көрсетіледі. Бұл есепті мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда тапсырып отырады .

Есеп келесі бөлімдерден тұрады .

- Жұмыс жүргізуге байланысты шығындар .
- Сақтандыру сыйлықтарының түсуі.
- Сақтандыру өтемдерінің төленуі.
- Сақтандыру төлемдерінің қоры.

«Жұмысты жүргізуге байланысты шығындар» бөлімінде еңбек ақы, бюджетке кеткен төлемдер амортизмнің аударымдар жайлы деректер берілген.

«Сақтандыру сыйлықтарының түсуі » бөлімінде алынған сақтандыру сомалары және төленген сақтандыру өтемдері жайлы деректер берілген.

«Сақтандыру өтемдерінің төленуі » бөлімінде –берілген кезеңнің басы және аяғындағы қалдық және берілген кезеңдегі қорды жинақтау және тәуекел түптеріне байланысты сақтандыру қорларының қозғалысы жайлы деректер берілген . Бұл есептің материалы негізінен –сақтандыру ұйымдарының шаруашылық – қаржылық қызметін салыстыру талдауын жүргізген жағдайда қолданылады .

Сақтандырушы қаржысының қозғалысын анықтау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады : есептелген төлем көлемі, штраф көлемі, жеңілдік жәрдемақыларды төлеуге байланысты шығындарды өтеу көлемі т.б.

4-Тақырып. Жоғарғы қаржылық есептеулердің негізі .

4.1 Жоғарғы қаржы есептеу және мақсаты.

Жоғарғы қаржыны есептеу – бұл арнайы есептеулерге негізделген, қаржылық – банктік көрсеткіштер тобы. Бұл есептеулер негізінде белгілі

бір мерзімге қарыз ақша беруге және төлем уақытысын соzdыруға байланысты %-т мөлшерлемесі табысы құқығын анық немесе мына субъекті пайдасына шешіп беруші арнайы ережелер жатады.

Мұндай есептеулер қажеттілігі: ұзақ және қысқа мерзімді несие алғанда, ішкі кредит немесе қарызды бергенде немесе алғанда, бағалы қағаздарды сатқанда немесе сатып алғанда, мерзімді төлемдерді төлегенде, қаржы келісім шарттың пайдалылығын есептегенде пайда болады. Мөлшерлік талдау және қаржылық механизм есептеулері сақтандырушы және жинау қызметінде және жеке банк қызметінде қолданады.

Қаржылық келісім шарт 3 элементтен тұрады:

1. Төлем мөлшері (кредит)
2. уақыт (келісім шарт мерзімі)
3. %-т мөлшерлемесі.

Бұл келісім шарттар қандай да болсын қаржылық мақсат шеңберінде тең құқылы және әр келісім – шартты талдағанда бірдей назар аударуды талап етеді. Бұл элементтер келісім-шарттың қаржылық шартын анықтайды.

Жоғарғы қаржылық есептеулердің мақсаты бұл қысқа және ұзақ мерзімді несие және қарызға, олардың алу және өтеу, мерзімді өтемдерін төлеу, қаржылық қауіпті бағалау, қаржылық операциялар пайдалылығын анықтау сияқты проблемаларының мөлшерлік талдау әдістерін жетілдіру болып табылады. Қаржылық есептеулер механизмі жай немесе күрделі %-ті қолдануға негізделген.

Мысалы: 1 жылда 0,4 ставкасы бойынша қарыз шарты жылға алынады. Бұл жерде қарапайым %-т өскен сомасы.

$$S=10000*(1+0,4*0,5)=12000\text{т құрайды.}$$

Күрделі %-т өскен сомасы:

$$S=10000*(1+0,4) =11832\text{т. болды.}$$

Егер де берілген несиенің сомасы 1 жылдан жоғары болса, онда күрделі % бойынша өсіп қарапайым пайыз бойынша өсімнен жоғары

болады. Біздің мысалымызда қарапайым %-т өсімі $10000 * (1+0,4*3)=22000$ т.

Мерзімі 1 жыл болған жағдайда өсім сомасы қарапайым пайызда да күрделі пайызда да бірдей болады.

Қаржылық ренталар.

Қаржылық келісім шарт, контрактілер және қаржылық операцияларды іске асырған жағдайда төлемнің және түсімдердің бөлек түрі емес, 1-топ төлемдер қарастырады .Бұл топ төлемдері барлығы оң шамада болады, ал олардың арасында интервалдар –қаржылық рента д.а. Сонымен қатар бұл төлемдердің пайда болуы, мақсатты қолдануына мән бермейді.

Төлемдердің бөлек түрлері –оннуктеттер деп аталады . Қаржы рентасының мысалы ретінде тұтыну кредитінің өтеу төлемдерін алуға болады.

Рентаның негізгі түсініктері.

- рента мүшесі -әр төлемнің мөлшері
- рента периоды -2 төлем арасындағы рента интервалы
- Рента мерзімі –қаржы рентасының басынан ең соңғы периодына дейінгі уақыт.
- Процент ставкасы - рента құрылатын, төлемдердің өсімі және дисконттасқан жағдайына қолданатын ставка.

- Рента түрлері :

- 1)дискертті рента .
- 2) үзіліссіз .
- 3) 1 қалыпты .
- 4) ауыспалы.

Рентаның есептеулер жүргізілген жағдайда ренталдық өнім сомасы және қазіргі рента мөлшерін анықтайтын жалпылама түсінік проблемасы

туады. Ренталық өсім сомасы – рента мүшелерін сомасы және мерзім соңындағы есептелген %-т мөлшерлемелерінің сомаларынан тұрады.

Жоғары қаржы есептеулерін қолданудың практикасы .

Жоғарғы қаржы есептеулері бірнеше мақсаттарда қолданылады: қарапайым және күрделі %-ті есептеуге, эквиваленттікті есептеуге, %-т ставкасын есептеуге, бірқатар төлемдерді сандық талдаудан өткізуге, қаржы келісім - шарттарының эквиваленттік өзгерістерін талдауға , кредит және несие өтемдерінің жоспарларын құруға т.б.

Ұзақ мерзімді несиені өтеу шарттары келісім – шартта келіспеді.Бұл жерде өтеудің бір уақытта өтелуі немесе бөлек сомалар ретінде және бір немесе бірнеше уақытқа төленуі анықталады .Өтеудің бір мезгілде өтелуі жағдайында қарыз алушы периодтық салымдар негізінде өтем қорын құрайды және бұған %-т есептелінеді, бұдан басқа қарыз алушы несие %-ін төлейді. Осыған байланысты қарыз алушының өз міндеттеріне өтеудегі шығыны 2-элементтен тұрады .

1. несиеге байланысты %-т төлеу.

2. өтем қорына аударымдар.

Жай және күрделі %-ті есептеу.

%-н есептеулерде қолданатын негізгі түсініктер:

(P) - қарыздың алғашқы сомасы .

(I) - қарыздың барлық мерзімдегі %-ті сомасы.

(n) - %-т есептеу мерзімі .

(j) - %-ставкасы ондық түрде беріледі.

(S) - өскен қарыз сомасы .

Жай %-н есептеулер -1 жылдық қарыздық міндеттемелерге қолданылады. Бұл жағдайларда барлық мерзімдегі %-т сомаларын келесі жолмен есептейміз:

$$I=p*j*n$$

Яғни қарыздың алғашқы сомасын %-т ставкасын және өсім периодына көбейтеміз. Қарыздың өскен сомасы есептелген % және қарыздың алғашқы сомасы қосындысынан тұрады. Яғни $S=P+I$, немесе $S=p+p*j*n=p(1+jn)$

Қаржылық келісім шарт мезгілі 1 жылдан аспайтын жай %-т есептеулерге айналым мерзімі 1 жылдық күндер мөлшері және шарттағы келісілген күндер қатынасына тең бөлінген санымен беріледі. Өсім сомасын 9-ай мерзімге берілген және бір жылдық ставкасы 50%.

Сонда қарапайым %-ң өскен сомасы:

$$S=p+pjn=30000+30000*0,5 *9(\text{ай}) = 41250 \text{ б/ы}$$

12(жыл 12 ай)

Бұл жағдай қарама - қарсы болуы мүмкін , яғни өскен қарыз сомасы, %-н ставка , және қарыз мерзімі белгілі болған жағдайда қарыздың алғашқы сомасы анықтау қажет. Бұл операцияны – дисконттау деп атайды. Ол қарыздың өскен сомасы (S) және алғашқы сомасы(p) арасындағы айырмашылық –дисконт(D) деп аталады . $D=S-P$

Қаржылық практиканы математикалық дисконттау немесе банктік есеп қолданылады. Математикалық дисконттауда жоғарыда берілген өскен күн формуласын қолданылады.

Қаржы жағдайы тұрақтылығын бағалау үшін статистикалық көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Бұл жүйе 4 топ көрсеткіштерінен тұрады:

- 1.Өтемпаздық
- 2.Активтер айналымдылығы
- 3.Қор тарту
- 4.Пайдалылық.

1-топ көрсеткіштеріне – жабу коэффициенті кіреді.Бұл топ көрсеткіштері активтер мен міндеттемелерді салыстыру жолымен есептеледі.Жабу коэффициенті өтемпаздық активтер және қысқа мерзімді міндеттемелер арақатынасы ретінде ол өтемпаздық коэффициенті өтімді

активтер және қысқа мерзімді міндеттемелерге арақатынасы ретінде есептеледі.Өтемпаздық коэффициенті өтеуге міндетті қарыздарының қай бөлігі, басқа да төлем көздерінің қатынасын өтеуге болатынын білдіреді.Жабу коэффициенті өтеуге болатын шектеулі деңгейіне жабу көлемін білдіреді.

2-топ көрсеткіштерін активтердің айналымыдылығы коэффициентін құрайды. Активтер (запас) айналымдылығын :

өткізілген өнімнің өзіндік материалдары мен құралдырының орташа қалдығы.

3-топ көрсеткіштерін барлық активтерді тарту коэффициенті кредит мүмкіншілігі көрсеткіші өз меншігіндегі құралдар және бөлінген төлемдерді жабу деңгейі құрайды.

5-Тақырып. Шаруашылық ұжымдардың қаржылық қорытындысының статистикасы.

5.1 Мекемелердің қаржы қорытындысы көрсеткіштерінің жүйесінің және статистикалық зерттеудің мақсаты.

Қазіргі кезеңде мекемелердің пайда, табыс, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің мәні зор.

Халық шаруашылығының қаржы жағдайын бағалау үшін, халық шаруашылығының әр саласындағы шаруашылық ұжымдардың жинақ ақша құрылымы, қаржы қорытындылары сияқты статистикалық ақпаратты қолданамыз. Қазіргі кезде статистика мақсаттарының бірі бұл: нарық байланыстарына өтуге және әр-келкі меншік иелерінің пайда болуына байланысты жаңа статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерін және статистикалық көрсеткіштер жүйесін жетілдіру болып табылады.

Баланстық пайда – (бп) барлық шаруашылық операцияларының қаржы қорытындысын білдіреді және өткізуден тыс операциялардан барлық

өткізілген өнімдердің (тауардың, жұмыстың, қызметтің) пайда сомаларының қосындысын игеру жолымен есептеледі.

Өткізуден түскен табыс – бұл пайда түрі өнімнің толық өзіндік құны және өткізуден түскен табыс айырмашылығы ретінде есептеледі.

2. Жалпы рентабельділік деп аталатын мекеменің рентабельділік деңгейі:

Баланстық пайда

$R_{\text{жал}} =$ негізгі өндірістік және айналым құралдарының орташа жылдық құны (ОҚ-АҚ)

3. Толық рентабельділік деңгейі:

БП - БП

$\Delta R_{\text{тол}} = R_{\text{тол}} - R_{\text{тол}} = \text{ОҚ} - \text{АҚ} \quad \text{ОҚ}_o + \text{АҚ}$

Мекеменің қаржылық жағдайының басты көрсеткіші бұл айналым құралдарының айналымдылығы болып табылады. Қалыптасу көздері бойынша айналым құралдары өзіндік және қарызға алынған болып табылады.

Құралдар – банк кредиті және қарыздары, келешек табыстар және басқа да пассивтерден тұрады.

Айналым құралдарының айналымдылығы – айналым көлемі және бір айналым ұзақтығы ретінде есептеледі.

өткізілген өнім Өө

$n = \text{-----} = \text{-----}$

айналым құралдарының орташа қалдығы АҚ

5.2 Ақша - қаржы қорытындысы көрсеткіштері жүйесінің ерекшеліктері.

Ақша қорытындысы өндірісінің ерекшелігі бұл – мекеменің активтерінің бір бөлігі акция ұстаушылар иелігінде болуы, сондықтан Ақша

қорытындысын талдаған жағдайда бүтін фирманың және акционерлердің мүддесін білдіретін көрсеткіштерді қолдану қажет.

Бұндай көрсеткіштерге акцияның сатылу бағасы және бір акцияға есептелген пайда жатады.

Бір акцияға есептелген пайда көлемі (П) таза пайда сомасының (П) шығарылған акция мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі. Бұл көрсетілген мағынасын акционерлік капитал (К көлемі, акция, капитал) және акцияның сатылу бағасының (БА) қайтарымы белгілейді.

$$K_{\text{кайт акц кап}} = \frac{\text{Таза пайда} \quad \text{ТП}}{\text{Акция*капитал} \quad \text{К}}$$

Акционерлік капитал қайтарымдылығы – акционерлік капитал құнының бірлігіне (1) келетін таза пайда көлемін көрсетеді.

Акцияның сатылу бағасы - бір акцияға келетін инвесторлар активтерінің көлемін көрсетеді.

$$B_a = \frac{\text{Акция капитал} \quad \text{К}}{\text{Акция мөлшері} \quad \text{М}}$$

Шаруашылық ұйымдарының қаржы жағдайы тұрақтылығының көрсеткіштер жүйесі

Нарық жағдайында мекеменің қаржы тұрақтылығы маңызды роль атқарады, қызметін өтейді, өз мүмкіндіктері арқылы жүзеге асырады.

Өндірушілердің өзара байланысы жағдайында бір мекеме төлем міндеттерін орындамады, келесі бір шаруашылықтың төлем қабілеттілігіне ықпал етеді және бұл фактор қоғамдық көрініс алған жағдайда барлық қаржылық банктік жүйесінің тоқырауына алып келеді.

Қарыз көлемі

Барлық активтерді тарту коэффициенті = барлық активтер
Қарыз көлемі
Аз меншігіндегі құралдарды тарту коэффициенті = өз менш. құр-р

Мекеменің қаржы көрсеткіштерінің статистикалық ақпарат көздері
Бұл ақпарат көздеріне – мемлекеттік статистикалық санақ отчеттары, мекемелер, бірлестіктер және ұйымдардың бухгалтерлерінің отчеттары, қаржы органдарының отчеттары т.б. жатады. Мемлекеттік отчет келесі статистикалық отчеттардан тұрады: мекеменің қаржы қызметінің басты көрсеткіштері жайлы отчет. Бұл отчеттардың құрамына: өнім өткізуден түскен табыс көлемі сатылу бағасымен, жанама салықтардың көлемін (қосылған құнға салық, экспорт, акциялар) өнім өндіруге кеткен шығын көлемі, кіріс және шығыстық жалпы көлемі, баланстық пайда кіреді.

Жүргізіліп жатқан бухгалтерлік есеп реформасын маңызды кезеңінің қорытындысы бұл заң күші бар ҚР президентінің «Бухгалтерлік есеп» туралы Үкімі. Бұл үкім мағынасы бойынша: соңғы кезеңге дейін мекеменің табыс көлемі кассалық әдіспен белгіленсе, яғни кассаға түскен ақша көлемі бойынша, ол қазіргі кезде есептеу тіркеу (начисление) әдісінен белгіленуі қажет. Бұл әдіс бойынша пайда – төленген уақытына тәуелді емес «одекватты» шығын болып табылады.

Қаржы көрсеткіштерінің маңызды көрсеткіштерінің бірі бұл – жылдық бухгалтерлік есептер.

Бұл есепте - актив және пассив, пайда және шығын, актив және пассив қозғалыстары туралы ақпараттары беріледі.

6-Тақырып. Банк қызметі статистикасы

6.1 Қазақстан Республикасының банк жүйесі және статистикалық зерттеудің мақсаты.

Нарық жағдайында жүйелі жұмыс істеп тұрған банк жүйесінсіз, экономиканың қалыпты жағдайын сақтау мүмкін емес, өйткені бұл экономиканы ынталандырушы және экономиканың барометрі болып табылады.

Қазіргі жағдайда Қазақстан республикасында екі деңгейлі банк жүйесі қалыптасқан:

1. Ұлттық банк
2. Коммерциялық банктер

Ұлттық банк - орталық болады және кредит, ақша айналысы, валюта қарым – қатынасы, есеп айырысу сияқты мемлекеттік саясатты жүргізуде басқарушы роль атқарады.

Коммерциялық банктер - кредит беру, тұтынушыларға кассалық қызмет көрсету, ақша салымдарын қабылдау және орналастыру т.б. банктік операцияларды қамтамасыз етеді.

Банк жүйесіндегі процесстерді басқару және жалпы заңдылықтарын анықтау үшін осы жүйеге қатысты банктердің кредит мүмкінділігін, баланстар жағдайы және т.б. банк қызметі жайлы ақпараттар қажет. Осы ақпараттарды жинау, талдау және саралаумен банк статистикасы айналысады. Банк статистикасы дайындаған ақпараттарды басқару органдары экономикалық және әлеуметтік дамуды болжау үшін, қаржы баланстарын есептеу үшін, банк қызметін жоспарлау үшін қолданады.

Баланстық статистика.

Банк балансы кредит ресурстарының көрсеткіштері, олардың қалыптасу көздері, қозғалысы және қолданылуы жайлы ақпараты. Осы баланс көрсеткіштері бойынша, банктік тұтынушы және мемлекет алдындағы міндеттемелерді уақытылы орындау мүмкіндігін анықтауға болады.

Ұлттық банктің жаңа шот жоспары 8-сыныптан тұрады.

- 1-активтер
- 2-басқа да активтер

- 3-пассивтер
- 4-басқа да пассивтер
- 5-капитал
- 6-резерв
- 7-табыс
- 9-8-шығын.

Балансқа тең 5 сынып қана берілген, ал қалған 6,7,8,9 сыныптары пайда және шығын шоттарына жатады.

5 сынып «капитал және резерв» шоттарында көрсетіледі.

Ұлттық банктің жаңа шот жоспары ұлттық банктік нарық қатынастарына өтуге және мемлекеттің орталық банк ретінде атқаратын функцияларына сай келеді. Коммерциялық банктер үшін де жаңа шот жоспары енгізілуде және бұл шот жоспары да 9 сыныптан тұрады. Бұл нарық жағдайында экономикалық реттеулерге байланысты банк ролінің өзгеруіне және ертеден іске аспай қалған банк операцияларын көрсетуіне байланысты.

1-сынып ақша қаражаттары және банктермен операциялар

2-тұтыну шаруашылықтарымен операциялар

3-бағалы қағаздар, филиал және басқа да дебитор мен кредиторлармен операциялар

4-басқа да активтер мен пассивтер

5-капитал және резерв

6-банк операцияларынан келіп түскен табыс

7-банктік емес қызметтен табыс

8-банк операцияларының шығындары

9-банк қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығындар

Баланс брутто – есепті отчет ақпаратты жай ғана топтастыру жолымен құрылады.

Баланс нетто – экономикалық маңызды ақпараттарды алу үшін барлық шоттардағы қалдықтар сальдоланады.

Баланстан сыртқы шоттарда банкке сақталуға, инкоссацияға т.б. келіп түскен бағалы заттар және документтердің қозғалысы, өз тұтынушыларына қатысты банктік гарантиялық документтер көлемі көрсетеді.

Коммерциялық банктердің баланс шоттары экономикалық біркелкі мазмұны және өтемпаздық принциптеріне қарай топтастырылған.

Өтемпаздық дегеніміз – ағымдағы төлемдерді және басқа да міндеттемелерді өтеу үшін материалды және басқа да бағалы заттарды өткізу және сату мүмкіндігін білдіреді. Баланс өтемпазды болып саналады, егер оның жағдайы тез арада активтерді өткізіп, міндеттемелерді өтеу мүмкіндігі болса, банк саясаты банк жұмысының сенімділігін және банк қызметінің қалыпты жағдайын қамтамасыз етуге сай жүргізілуі қажет.

Баланс өтемпаздығының нашар деңгейі «дебеттік сальдо» жағдайына әкеліп соғады. Баланс көрсеткіштері –Республикадағы коммерциялық банктердің, резидент емес басқа да мемлекет банктерімен корреспонденциялық шоттары жағдайын білдіреді. Егер де біздің ел банктерінің шет ел банктерінде сақталатын қаражаттары 3,2 есе өссе, ал шет ел банктері қаражаттары біршама азайса, бұл республикадан капиталдың қалмауын білдіреді.

Кредиттік салымдар құрылымын зерттеу – салалық разрезге, сауданың мақсатты қолданылуына, меншік түріне және қорлану көздеріне байланысты жүргізеді.

Сауда портфелінің саудасын мінездеу: қайтарым деңгейінің классификациясына байланысты анықталады. Бұл жерде несие портфелінің сапасын мінездеу қайтарым деңгейінің классификациясына байланысты анықталады. Бұл жерде несиенің 5 категориясы белгіленген: (рискованные)

1. стандарттық

2. жоғарғы қаупі бар несие

- 3.прогонгирлік
- 4.мерзімі өтіп кеткен
- 5.несие өтеуге сенімсіз

Несиені белгілі бір категорияға жатқызу бұл кредиттің заңды тіркелуіне және келісім шартқа қарыз алушының төлем (төмен) қабілеттігіне байланысты жүргізеді. Ұзақ мерзімді несие мақсатты қолданылуына байланысты бөлінеді.

Мысалы: өндіріс объектілерінің құрылымына, техникалық қайта қорлануға т.б.

Кредиттің айналымдылық,, қайтарымдылық көрсеткіштері және талдау тәсілдері.

Мақсатты сауданың қолданылуының әсер мінездемесін – айналымдылық көрсеткіші анықтайды. Кредиттің айналымдылық деңгейін; белгілі бір кезеңдегі несиенің айналым санын және кредиттің қолдану ұзақтығына (1 айналым ұзақтығы) байланысты есептелді. Кредиттің айналым саны келесі формула бойынша есептеледі:

Белгілі кезеңдегі өтелген кредит сомалары

$$n = \frac{\text{бел-і кезеңдегі кредиттік қарыз орташа қалдығы}}{\text{Несие айналымның саны,кредит айналымдылығының тікелей мінездемесі болады. Бұл көрсеткішті белгілі кезеңдегі берілген қысқа мерзімді несиелер көлемінен есептеуге де болады. Бұл жағдайда айналым процесін берілген кредит көлемі есебімен мінезделеді. Кредиттің уақытылы қайтарымның анықтауға келесі көрсеткіштер қолданылады:}}$$

бел-і кезеңдегі кредиттік қарыз орташа қалдығы

Несие айналымның саны,кредит айналымдылығының тікелей мінездемесі болады. Бұл көрсеткішті белгілі кезеңдегі берілген қысқа мерзімді несиелер көлемінен есептеуге де болады. Бұл жағдайда айналым процесін берілген кредит көлемі есебімен мінезделеді. Кредиттің уақытылы қайтарымның анықтауға келесі көрсеткіштер қолданылады:

А) белгілі бір күнге мерзімі өтіп кеткен несие қалдықтарымен осы күнге сай несие бойынша жалпы қарыз көлемін салыстырады.

Б) белгілі бір уақытқа, мерзімге өтіп кеткен несиелердің орта қалдығымен, осы уақытқа сай барлық несие қарыздарының орташа қалдықтары салыстырылады.

В) мерзімі өтіп кеткен несиелердің дебеттік айналымы салыстырылады.

Банк қызметінің рентабельділік көрсеткіші

Банк табысының басты көздері бұл – тұтынушылардың кредитті қолдануына байланысты пайыздық төлем ақылары. Келіп түскен сомалардың өзгерісін талдаған жағдайда келесі индекс жүйесін қолдануға болады:

1. Кредит қолданылуына байланысты берілген пайыздық төлем ақы сомаларының индексі:

$$J_E = \frac{\sum i CO}{\sum i CO}$$

бұл жерде i , i есепті және базистік кезеңдегі % - т төлемі, CO – орташа қалдық.

2. Қолданылған кредитке төленетін пайыздық төлем ақы орта көлемінің индексі.

$$J = \frac{\sum j CO}{\sum CO} \cdot \frac{\sum i CO}{\sum CO}$$

Банк қызметі рентабельділігінің көрсеткіштері коэффициент түрінде есептеледі, бұл коэффициенттер банк қызметін қамтамасыз ететін ресурстар көлемін кіріс және шығыс көлемінен салыстыру жолымен есептеледі.

Есепті кезең табысы

$$2. K_1 = \frac{\text{Есепті кезең табысы}}{\text{Банктік актив-ң орташа қалдығы}}$$

Банктік актив-ң орташа қалдығы

Активтердің қолданылу рентабельділігінің бөлек табыс түріне қатынасы ретінде есептеуге болады.

Бөлінген ссудаға сай процент төлемдері

$K_2 = \text{-----}$

Банк-ң жалпы актив-ң орташа қалдығы

Рентабельділік өсімі белгілі бір деңгейге дейін байқалады. Аса ірі банктерде рентабельділік деңгейі төмен болады, оның орнына нарыққа әсерінің өсуін қалайды.

Коммерциялық банктер қызметінің рентабельділік көлемін банктің кіріс және шығыс қатынасы негізінде байқауға болады.

Банк қызметі статистикасының ақпарат көздері.

Статистикалық есеп формаларын қалыптастыру және жетілдіру, формаларды қолдануға байланысты әдістемелік нұсқауларды шығару, статистикалық есепті уақытылы тапсыру, статистикалық ақпараттарды топтастыру сияқты қызметтерді Қ.Р. Ұлттық банкінің статистикалық басқару және статистикалық зерттеу Департаментінің банктерінің статистикалық есебі бөлімшесі атқарады.

Қазіргі кезеңде банктік статистикалық есептің келесі формалары бар:

Ф№ 707 «Баланстық және баланстан тыс» шоттарының айналым есебі – бұл есеп құрамына – банк несиелік шоттарының кредит және дебет айналымы, баланстан тыс шоттардың кіріс және шығыс айналымдары кіреді.

Ф№709 - «анонимді шоттардағы қаражаттың есебі».

Ф№720 - «Кредит және депозит, олардың ораша өсім төлемақы жайлы есеп».

Ф№721, Ф№722,723.

Статистикалық есепті құру барысында ҚР Ұлттық банктерінің облыстық басқармасында, жеке банктер және ұлттық банк ұжымы

белгіленген уақытта графикке сай статистикалық есеп формаларын тапсырады.

2-ші деңгейдегі банктер өз есептерін ҚР Ұлттық банкінің ақпараттандыру Департаментіне, ал бұл ұйым өз кезеңінде статистикалық есепті банк ұйымдары облыс және жалпы республикалық статистика және статистикалық зерттеу департаментіне тапсырылады.

7-Тақырып. Мемлекеттік бюджет статистикасы.

7.1 Мемлекеттік бюджет және оның статистикалық зерттелерінің мағынасы.

Мемлекеттік бюджет дегеніміз - жалпы өнім құнын бөліп беруде болатын мемлекет және мекеме, ұжымдар мен халық арасындағы қаржылық байланыстар жиынтығы. Мемлекеттік бюджет қажеттілігі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде және жалпы өндіріске байланысты бүкіл халық көлеміндегі қорлардың үнемі айналымда болуын қамтамасыз ететін орталықтандырылған ресурстардың қажеттілігінен туады.

Сонымен қатар мемлекет мәдениеттік, әлеуметтік бағдарламаларды өткізуге, қорғаныс проблемаларын шешуге, мемлекеттік және заң органдарын қаржыландыруға байланысты орталықтандырылған қаржы қорын қамтамасыз етеді.

Бюджеттік байланыстар – бөліп беруге байланысты болады және тек ақшалай түрде және мақсатты ақшалай қорларды құрумен жүзеге асады.

Мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті (аудан), район және қалалық бюджетке бөлінеді.

Статистика мемлекеттік бюджеттің кірісі және шығысы туралы мәліметтерді жинақтаумен және саралаумен айналысады. Статистиканың басты мақсаты: бюджеттің жоспарының орындалуын, кіріс және шығыс динамикасын, оның құрылымын талдау, оның даму заңдылықтарын және

мемлекеттің кірісінің елеулі макроэкономикалық көрсеткіштерімен байланысын саралау болып табылады және мемлекеттік бюджеттің мекемесінің штатын, контингентін, құрылымын зерттеу.

Осы мақсаттарды іске асыру барысында статистика статистикалық топтамалармен, абсолюттік орта және нақты шамаларды, динамикалық қатарды саралау, индекс және басқа да әдістерді қолданады.

Мемлекеттік бюджет статистикасының көрсеткіштер системасы және салықтар кірісінің классификациясы.

Мемлекеттік бюджетті зерттеудегі статистикалық көрсеткіштер системасының негізін мемлекеттің шығыс және кіріс көрсеткіштері құрайды.

1988 жылдық мемлекеттік бюджет келесі түсімдерден тұрды:

- қосымша құнға салық
- пайдаға салық
- акциздер
- кіріс салығы (подходный)
- мүлікке салынатын салық, сыртқы экономикалық саясаттан түсетін табыс.
- табиғи ресурстарды пайдалануға салынатын салық
- санкция және штрафтардан түсетін түсімдер
- басқа да салық емес түсімдер.

Түсімдердің тағы да бір елеулі жаңа көзі – бұл мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер болып табылады.

Мемлекеттік бюджеттің шығысының кірісінен асып кетуі мемлекеттік бюджеттің абсолюттік көлемінің дефицитін білдіреді.

Мемлекеттің бюджет шығысы халық шаруашылығының дамуына, қаржыландыруға:

- әлеуметтік-мәдениеттік бағдарламаларды
- ғылымды, заң және сот органдарын
- мемлекеттік билікті және басқаруды

- қорғаныс т.б. жұмсалады.

Ал егеменді республика жағдайында оларға: шет ел елшіліктерін , шет ел мамандарын қаржыландыруға, шет елдің мамандықтарын оқытуға, халықаралық ұжымдарға мүшелік үлесін қосуға т.б жұмсалады.

Мемлекеттің ішкі қарызы қызметінің шығысына: ссуданы сөндірудің, кредитке байланысты банкке төленетін өсім мөлшері, мемлекеттің ішкі және мақсатты заемдарының шығындары уіреді.

Мемлекеттің сыртқы қарыздары қызметінің шығысы шет елден алынған кредит және заемдардың өсімін төлеуге және сөндіруге кеткен шығындар жатады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет

шығысының құрылымы:

Шығын түрі	1998	1990	1993	1996	1999
Халық шаруашылығына	58,8	56,1	40,9	25,1	19,4
әлеуметтік-мәдениеттік шараларға	38,4	40,5	34,9	32,9	34,8

Осы жылдар арасында мемлекеттік шығындар құрылымында елеулі өзгерістер болды, бұл бір жағынан экономиканың кризисті жағдайына байланысты, ал екінші жағынан нарық жағдайындағы пайда болған жеке меншік және басқа да мемлекеттік емес мекемелерге, халық шаруашылығының көбінесе өзіндік және кредитпен қаржыландыруына байланысты.

Статистикада халықаралық стандарттағы салық түсімінің классификациясының 2 бағыты бар:

1. мемлекеттің қаржылық системасының классификациясы деп аталады және мемлекеттік қаржы қажеттілігін қаржыландыруға қолданылады.

Бұл жерде салықтар қызмет түріне немесе салық базасы бөлігіне байланысты бөлінеді. Салық базасы мысалы ретінде пайда сомасын, төленген жалақының көлемін, сату көлемін көрсетуге болады.

2. Ұлттық шот системасы классификациясының мақсаты – бұл бүкіл экономика қажеттілігін қаржыландыру болып табылады. Бұның негізіне бір емес, бірнеше белгілер берілген:

1) I салық түрі – мемлекеттік қаржы системасына байланысты (акциздер, табыс салығы т.б.)

2) II салық төлеуші институционалдық бірлік. (үй шаруашылығы, коммерциялық ұйымдар)

3) Салық төлейтін жағдайда (өнім өндірушілерді, импорт және экспорт)

Барлық салық төлемдері мынандай топтарға жинақталады:

- өндірістік, кірістік, капитал салығы.
- өндіріске-өнім өндірілгеннен кейінгі өнімдер мен қызметтерге салынатын салық жатады.

Кіріс, табыс салықтары-бұл өндіріс факторларын, жерді, меншікті, мүлікті, жұмыс күшін иеленгені үшін мемлекетке төленетін төлемдер жатады. Олар ұлттық шоттар системасында шығын ретінде көрсетіледі.

Капиталға салынатын салық группасына:

Мүлік бағасының өсуіне байланысты негізгі қор құнынан, активтерден және таза капиталдан бір қалыпты емес, бірнеше уақыт арасында алынатын салық түрі кіреді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржы системасының әдістемесі бойынша кіріс және шығысының жаңа бюджеттік

классификациясы қолданылады. Оның ескі әдістен айырмашылығы – бюджет көрсеткіштерінің көбеуі.

Жаңа бюджеттік классификация бойынша «кіріс (табыс)» және «шығыс (шығыс)» бланктарынан басқа «кредиттеу және сөндіру», «қаржыландыру» сияқты жаңа бланктар енгізілді. Бұл енгізулер бюджет қорларының жұмсалуды толық бақылауға алуын және мемлекеттік қарыздарын өтеуге байланысты қаржы дисциплинасының (әдістемесінің) сақталуын қамтамасыз етеді.

Бірақта жаңа система ескі әдісті толық жойып жібермеген, оның басты әдістемесін, экономикалық шығынының классификациялау жолдарын қолданады.

8-Тақырып. Жинақ қызметінің статистикасы

8.1 Жинақ қызметі және статистикалық зерттеудің мақсаты.

Жинақ қызметі дегеніміз – кредиттік ұйымдар жүргізетін тұрғын халықтың қаражат жинағын тартуға байланысты операциялар жүйесі. Бұл операциялар банкке де, тұрғын халыққа да тиімді. Банктерге бұл кредит ресурстарының көздері болса, халыққа ақша табыстарын сақтау формасы болып табылады. Қазіргі кезде инфляциялық процестерге, экономикалық тұрақсыздығына және жинақ ұйымдарының халық сенімін жоғалтуға байланысты жинақ көлемі өте төмен жағдайда.

Статистиканың мақсаты – кредит және есеп айырысу шаруашылығының қызметі, динамикасы және құрылымы көрсеткіштерін қолдана отырып, жинақ ұйымдарының жұмысын, мақсатын анықтау. Жинақ қызметінің статистикасы жинақ қызметінің даму деңгейін, жинақ ұйымдарының құрылымын, салымдар және салым салушылардың құрылымын, динамикасын, ақшалай кірісінің және ақша айналымына тәуелділігін зерттеу.

Жинақ қызметін статистикалық зерттеу жинақ қызметінің анықтайтын көрсеткіштер жүйесі келесі бөлімдерден тұрады:

I. жинақ ұйымдарының таралу жүйесін , құрылымын және динамикасын көрсететін көрсеткіштер.

- жинақ ұйымдарының саны

- 1 жинау ұйымдарына салынатын салымдар мөлшері.

II. жинақ процестеріне тұрғын халықты тарту деңгейін анықтайтын көрсеткіштер.

- салымдар саны

- салымдардың жалпы сомасы

- салымның орташа мөлшері.

III. жинау ұйымдарының техникалық жабдыктану деңгейін көрсететін көрсеткіштер.

- негізгі құралдар көлемі

- есептеу техникасы саны және оның құрылымы

- компьютерлендіру деңгейі

IV. Жинақ ұйымдарының қызмет көлемін анықтайтын көрсеткіштер:

- салымдарға айлық, пенсия, коммуналдық қызметтерді төлеу т.б. аударымдар жолдарымен қолма қол ақшасыз аудару.

V. салымдар қозғалысын көрсететін арнайы көрсеткіштер.

- салымдардың сақталу мерзімі

 - салымдардың кіріс және шығыс айналымдары

- есептелінген өсім төлемақы сомасы.

Жинақ қызметіндегі кейбір көріністерді есептеу үшін икемділік коэффициенті қолданылады.

Мысалы: Салымдардың орташа қалдықтарының өсу тәмпімен салыстыра отырып, табысқа салынатын салымның икемділік коэффициентін аламыз. Бұл коэффициент жан басына шаққандағы табыс көлемі 1%-ке өскен жағдайда салымдардың орташа қалдығы қаншалықты өсетінін көрсетеді.

Статистикада белгілер арасындағы байланыс түрін репрессия теңдеуін шешу жолымен алдын-ала анықтап алу қажет.

Жинақ қызметі. Статистиканың ақпарат көздері.

Есеп беру - бұл ақпараттың басты көзі. Ай сайын берілетін есепке салымдардың жалпы қалдығы жайлы, тауар және қызметке қолма-қол ақшасыз есеп айырысу сомасын, коммуналдық төлемдерді есептеп шығару, шапшаң салымдардың қалдығы жайлы ақпарат беріледі.

Халық банкі бөлімшелері – салымдар, заемдар, және т.б. операциялар жайлы ақпараттар беріп тырады.

Квартал сайынғы есепте салым салушылардың жалпы шоттары туралы бос айналымдағы заимдар, облигациялар жайлы ақпарат беріледі. Басқа да коммерциялық банктердегі тұрғын халық салымдарының қалдығы жайлы ақпаратты ай сайын ҚР Ұлттық банкіне тапсырылып отырады.

